

ҚПК-нің 405-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот жекеше қаулы шығаруға негіз болған кезде кеңесу бөлмесінде жекеше қаулы шығарады, онда мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдардың немесе олардың басшыларының назарын іс бойынша анықталған заң бұзушылық фактілеріне, қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға ықпал еткен және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін себептер мен жағдайларға аударады. Адамның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен әкімшілік теріс қылық анықталған жағдайда, сот оған заңда көзделген жаза қолдануға құқылы.

Аталған баптын 2-бөлігіне сай, жекеше қаулы сот анықтау, алдын ала тергеу жүргізу кезінде жол берілген, азаматтардың құқықтарын бұзушылықтарды және басқа да заң бұзушылықтарды тапқан кезде де шығарылуы мүмкін.

Осы зерттелген құжаттардың жиынтығына сай, апелляциялық сот басқарманың тергеушісі Д.Жақсылық пен Мақтаарал аудандық прокуратурасының прокуроры Е.Саржанның тарапынан жіберілген заң бұзушылық фактілері бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін Түркістан облыстық полиция Департаментінің басшылығын және Түркістан облыс прокурорының назарын аударуды жөн деп табады.

ҚПК-нің 405-бабын басшылыққа алып, апелляциялық сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Мақтаарал аудандық полиция бөлімінің тергеушісі Д.Жақсылықтың ҚК-нің 174-бабының 2-бөлігімен №255143031000056 санды Е. [REDACTED] қатысты қылмыстық істі тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында заң бұзушылықтарға жол берген әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Түркістан облыстық Ішкі Істер Департаментінің басшылығының және аталған қылмыстық іс бойынша Мақтаарал аудандық прокуратурасының прокуроры Е.Саржанның тарапынан жіберілген заң бұзушылық фактілері туралы Түркістан облысының прокурорының назары аударылсын.

Қолданылған шаралар жөнінде мәлімет үшін бір ай мерзімде облыстық сотқа, қосымша ретінде іске тіркеу үшін аудандық сотқа хабарлансын.

Қаулы жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді және наразылық келтіруге жатпайды.

Төрағалық етуші судья:

Н. Ешпанов

